

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы №1

Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
«Ш.Айманов атындағы жалпы орта білім
беру мектеп-интернаты» КММ

01.09.2021 жыл

Қатысқандар: 29 адам

1. Жуманов Ғайниден Кабиденевич - кеңес төрағасы
2. Ильдин Ренат Қуатжанұлы – кеңес орынбасары
3. Сейткулов Жанат Жақыбайұлы – кеңес мүшесі
4. Курманов Алтынбек Жұматұлы – кеңес мүшесі
5. Сапабеков Болатбек Талғатбекұлы – кеңес мүшесі
6. Макишев Асет Жұрсінұлы – кеңес мүшесі
7. Укубасова Гүлден Зейноллақызы - кеңес мүшесі
8. Боканова Акмарал Муратовна – кеңес мүшесі
9. Канафина Айнұр Мәңгіліқызы- кеңес хатшысы
10. Досмағамбетова Салтанат Сейтжанқызы – мектеп-интернат басшысы.
11. Тусупбекова Анаргүл Турлыбековна - мектеп - интернат басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары
12. Саликова Елмира Мергенбайқызы - мектеп интернат басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
13. Тулешова Айжан Шахманқызы - мектеп директорының бейінді оқу ісі жөніндегі орынбасары
14. Әр сыныптың ата-аналар комитетінің төрайымдары

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылындағы нұсқау хаттың өзгешелігі;
2. Күн режимінің орындалуы,
3. Жаппай біліммен қамту /ыстық тамақ/
4. Интернат тәрбиеленушілері
5. Қайырымдылық көмектің жұмсалуды; «Мектепке жол» акция
6. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселелермен кеңес төрағасы Ғ.К.Жұманов таныстырып өтті.

Алғашқы сөзді мектеп-интернат басшысы С.С.Досмағамбетова мектептің жалпы жағдайын айтып өтті.

Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Т.Тусупбекова Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелгенін атап, 2021-2022 оқу жылында жаңартылған білім мазмұны бойынша, бекітілген оқу бағдарламаларымен білім алатынын таныстырып өтті. Түзе- дамыту сыныптарында атап өтті.

2021-2022 оқу жылының ұзақтығы: мектепалды даярлық сыныпта 32 апта, 1- сыныптарда -33 апта, 2-11-сыныптарда 34 апта.

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі Әдістемелік ұсынымдамалар ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №130 бұйрығымен бекітілгенін және таныстырды.

Үй тапсырмасын дайындау уақытын қысқарту үшін 5-11-сыныптарда қосарланған сабақтар өткізуге болады.

Үй тапсырмасын орындауда: 2-сыныпта -50 минуттан, 3-4-сыныптарда- 70 минуттан, 5-6-сыныптар -90 минут, 7-9-сыныптар-110 минут, 10-11-сынып-130 минуттан аспауы тиіс.

Күнделік кз-білім саласындағы электронды құжат айналымының мүмкіндіктерін білім беру жүйесінің барлық қатысушылары арасындағы әлеуметтік желілік өзара қарым-қатынастың құралымен біріктіретін интернет-портал. Күнделік Кз журналы тегін болып табылады.

2. Басшының тәрбие жөніндегі орынбасары: Е.М.Саликова

Офлайн форматта мектеп оқушысының уақытты тиімді пайдалануы – оның мектепте табысты үлгерімінің кепілдігі ғана емес. Дұрыс құрылған күн тәртібі мектеп оқушысы үшін оқумен қатар демалуға мүмкіндік береді.

Баланың денсаулығы күн тәртібін реттеумен қатар дұрыс тамақтану және уақытылы ұйқыға да байланысты, сондықтан ата - ана осына үнемі ескертіп отырса бала осыған әдеттенеді. Мектебімізде офлайн форматтағы жұмыс жүйесімен таныстырды.

3. Басшының тәрбие жөніндегі орынбасары: Е.М.Саликова

Жаппай біліммен қамту /ыстық тамақ/

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 23-4) тармақшасына сәйкес, балалар мен жасөспірімдердің мектепте / офлайн/ түрінде толық қатысуын қамтамасыз ету мақсатында жоспар құрылып, жұмыстар жүргізілді. Сынып жетекшілермен бірлесіп, ата-аналармен хабарласып мектебіміздің әлеуметтік картасына келетін болсақ;

- Бүгінге дейін мектепте оқушы саны – 474
- даярлық топта - 34
- 1-4 сыныпта – 206
- 5-9 сыныпта – 217
- 10-11 сыныпта - 51
- түзете-дамыту сыныбында- 8
- интернатта – 128
- үйден келетін оқушы саны - 346

Оның ішінде аз қамтамасыз етілген жанұялардан-32 , көп балалы –187 , жетім балалар – 2, жартылай жетім –11 , толық емес жанұялардан –54 , АСП -45, мүгедек -6, туб вираж -6 , туб қатынас - 0 , туб індет - 21, «Д» есепте –10 , қауіпті топ - 5, өгей әке –17, өгей шеше - 1.

Оқушылардың еңбекке араласуы жөнінде 11- сынып бітірген 35 оқушы, ұлы - 21, қызы-14. ЖОО - 22 ,оның ішінде грантқа – 17, ақылы түрде -5, колледжге -11, грант-9, ақылы-2. Қанат Жолдасбек жұмысқа тұрды.

9- сыныпты 34 оқушы бітірді, ұлы-15, қызы - 19. Колледжге -13 оқушы түсті, барлығы грант. 1-оқушы денсаулығына байланысты оқымайды. /Қайрат Диляра/. 10 – сыныпты 20 оқушы жалғастырады.

Автобуспен тасымалданатын оқушылар тізімі дайындалды, құрылған кесте бойынша жүреді. Оқушыларды көлікпен тасымалдау барысында автобуспен жүретін оқушылар тізімі анықталды. Керекті іс қағаздары жиналып, ауылдық әкімшілікке тапсырылды. Биылғы оқу жылында автобуспен 113 оқушы тасымалданады, соның ішінде Шонаядан 6 оқушы

Жаппай білім қорынан оқушылардың киім-кешектеріне 1320000 бөлінді. 60 оқушыға ата-аналарының өтініші бойынша, өлшемдері алынып, қысқы куртка, қысқы етік, спорт формасына парталға тапсырыс берілді. 50 оқушыға 473580 теңгеге кеңсетауарларға парталға тапсырыс беріліп, бүгінгі күні сумка келген жоқ, қалған оқу құралдары келді.

Жашпай білім қорынан тегін ыстық тамақпен 225 оқушыға тамақтануға қаражат бөлінген, 1-4сынып оқушылары 100пайыз тегін тамақтанады, ыстық тамақ құны- /315теңге/,

5-11сынып оқушылары әлеуметтік категорияларына қарай 59-оқушы тамақтанады. Ыстық тамақ құны -402теңге. Демеуші есебінен әлеуметтік категорияларына байланысты 38-оқушы тамақтанады. Ыстық тамақпен тегін тамақтанатын жалпы оқушылар саны-263. Тізім дайындалды. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтап, құрылған кестеге сай оқушылар ыстық тамақпен тамақтанады.

4. Басшының тәрбие жөніндегі орынбасары: Е.М.Саликова

Интернатта тәрбиеленушілеріне барлық жағдай жасалған. Күн реттелімінің жоспары құрылып, бекітілген. 12 күндізгі тәрбиеші, 6 түнгі тәрбиеші жұмыс жасайды. Интернатта 128 тәрбиеленушелер тәрбиеленуде. Қатаң санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, барлық сыртқы жағдайларды шектей отыра жүзеге асырылады. Интернатта -128 оқушы 5 мезгіл тегін тамақпен, тамақтанады. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтап, құрылған кестеге сай тәрбиеленушілер тамақпен тамақтанады.

5. Басшының тәрбие жөніндегі орынбасары: Е.М.Саликова

Қайырымдылық көмектердің жұмсалуды. «Мектепке жол» акция

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағының 19-тармақшасына, ҚР-ң 2007 жылғы 27-шілдедегі «Білім туралы» Заңының 6-бабының 4-тармағына және ҚР-ның 2004 жылғы 9-шілдедегі «Кәметке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағы мақсатында аудан әкімінің Қаулысын, Білім бөлімі жұмысты ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының Білім ғылым министрілігінің 2021 жылғы тамыздың 1-нен қыркүйектің 30-ы аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі жыл сайынғы республикалық акциясын өткізу хатын жолдады.

Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасыларынан шыққан оқушыларға қолдау көрсету, баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, тұрмыс жағдайлары төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады.

Акцияның міндеті:

- - мектеп жасындағы барлық балаларды орта біліммен проблемаларына жұртшылықтың және тұрғын халықтың назарын аударту;
- - міндетті орта білім алуға барлық азаматтардың құқығын қамтамасыз ету жөнінде ақпараттық және түсіндірме жұмыстарын жүргізу;
- - оқымайтын немесе мектепке бармайтын мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу;
- - мектептен «шығып кетуге», дәлелсіз себептермен сабақтарға қатыспауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау;
- - міндетті жалпы орта біліммен қамтамасыз ету саласындағы білім беру органдарының қызметі туралы тұрғындарды хабардар ету;
- - мектепке балаларды жинау бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларына көмек көрсету жөнінде нақты шараларды әзірлеу және оны іске асыру;
- - жалпы оқыту проблемаларын шешуде және аз қамтамасыз етілген оқушыларға көмек көрсетуде ведомствоаралық іс-қимылды, сондай-ақ білім беру органдарының мемлекеттік емес құрылымдармен, оның ішінде қоғамдық, жекеменшік ұйымдармен және меценаттармен іс-қимылдарын жандандыру.

Осыған орай «Балаларға бірге көмек берейік!» ұранымен жоспар құрылып, тізім жасалды. Тізім бойынша 127 оқушы тіркелді. Жаппай білім қорынан 1320000 мың теңге киім-кешекке, 473580 мың теңге кенсе тауарға бөлінді. Барлық заттарға сұраныс берілді.

Сонымен қатар «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік көмек алатын /АСП/ отбасының балалары біздің мектебімізде 45 оқушысына мектеп формасы, спорт

формасы, кеңсе тауарларына 1125000тенге тапсырыс берілді. Бір балаға 25000 мың теңге көлемінде көмек көрсетілді.

10 мекемеге және жеке кәсіпкерлерге қоңырау шалынды. Қазіргі таңда аз қамтылған және көп балалы отбасының балаларына демеуші есебінен:

5 оқушыға аудандық Мұса Мырза мешітінің имамы Кожин Саян 10000 теңгеге,
Баянауыл тұрғыны еңбек ардагері Үміт Сапарбековна 20000 теңгеге /1 оқушыға/

Жеке кәсіпкер «ИП» Қожамбердина Жұлдыз 30380 теңгеге /2 оқушыға/

«Ішкі саясат, мәдениет және тілдер дамыту бөлімі -10000 теңгеге /1 оқушыға/

«Нұр Отан» филиалының басшысы Талипов Қинаят 10000 теңгеге /1 оқушыға/.

«Ұлттық парк» - 10000 /1 оқушыға/

Жеке кәсіпкер – Сарбасов Ардақ 15500 теңге/қысқы куртка/ 1 оқушыға.

60000 теңгеге көмек көрсетті, /спорт формасы, крассовки, футболкалар, қысқы етік – 4шт, гамаж, шапка-3шт, /

Бастауыш бірлестігі – 6260 теңге /интернат тәрбиеленушілеріне носки, іш киімдер/

Жаратылыстану бірлестігі – 10000 теңгеге /интернат тәрбиеленушілеріне /сабын-жуғыш заттарын алып берді/

«Бір мұғалім, бір тәрбиеші» бір қорап бетперде акциясына – 61 мұғалім мен тәрбиеші ат салысты.

Жалпы қазіргі таңдағы көрсетілген көмек құны – 181640 теңге демеушілер көмек көрсетті.

Құрылған жоспарға сай жұмыс жалғасын табады. «Жақсылық жасауға қол ұшымызды берейік!» акциясына ұстаздар мен тәрбиешілер қол ұшын берді, көмек көрсетті. Көмек қажет еткен оқушыларға таратылып берілді. Акция жалғасын табады, көмек көрсетуге шақырамын.

6. Мектеп-интернат басшысы: С.С.Досмагамбетова

Ш.Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернатына барлық іс-шаралар онлайн форматта өтетінін айтты. Сынып сағаттарды офлайн форматта құрылған кесте бойынша сенбі күні сынып жетекшілер өткізеді

Сөйледі: қамқоршылық кеңес төрағасы: Ғ.К.Жұманов Мектептің материалдық-техникалық жағдайының жақсы деңгейде, былтырғы оқу жылында бар жоспарланған шаралар өз деңгейінде өтсін. Онлайн форматтағы шараларды қатаң дұрыс қолданып ат салысуға шақырды.

Сөйледі: қамқорлық кеңесінің мүшесі - Боканова Ақмарал Мұратовна ыстық тамақпен тамақтанатын 1-4 сынып оқушылары 100 пайыз, 5-11 сынып оқушылары әлеуметтік категорияларына сай тамақтансын. Тізіммен таныстық.

Шешім:

1. Офлайн форматтағы білім сапасы бойынша нұсқаулық жүзеге асырылысын;
2. Өтетін іс-шаралар онлайн форматта жүзеге асырылсын;
3. Ыстық тамақпен 1-4 сынып оқушылары 100 пайыз тамақтансын;
4. 5-11 сынып оқушылары категорияларына байланысты тамақтансын;
5. Тамақтың сапасы үнемі қатаң бақылауға алынсын;
6. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын 225 оқушыға бұйрық шығарылсын;
7. Жаппай біліммен қамту есебі есепке алынсын;
8. Санитарлық-талаптар сақталсын;

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Ғ.К.Жұманов

Хатшы:

 А.М.Канафина